



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті

«Экономика және бизнес» факультеті

Орындаған: БУА-21 топ студенті Зайнуллина А.М


Тексерген: а.о. Аймукашева Ш.С

Орал 2017

Мемлекет пен құқық

Құқықтың дамуы

- Құқықтың дамуы— адам қоғамның дұрыс өмір сүруінің негізгі объективтік заңдылықтарының бірі, әлеуметтік нормалардың қалыптасып қоғамдағы қарым- қатынастарды реттеп, басқаруы. Әлеуметтік нормалардың (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни нормалар) қоғамның даму процесіне бірте-бірте құқық нормаларға айналуы.



Құқық екі жолмен дамыды.

- Біріншісі мемлекеттік қоғамдық меншікті реттеу моральдік-діни нормаларға сүйенді. Мысалы, Индияда Ману заңы, Мұсылман елдерінде Құран:
- Екіншісі — жеке меншік бағытындағы қатынастарды мемлекеттік органның өзі бекіткен нормалар арқылы реттеп – басқару.



Мемлекеттік дамуы

- Мемлекеттік дамуы— мемлекет қоғамдық еңбек бөлінісінің, жеке меншіктің пайда болу нәтеже сінде алғшқы қауымдық құрлыс тапқа бөлінуінің туындысы.



*Мемлекеттің алғашқы қоғамдағы биліктен айырмашылығы:

1) Халықты туысқандығына қарамай, территориясына сәйкес біріктіру. Билікті осы территорияда жүргізу.

2) Қоғамдағы басқаратын арнаулы аппараттың құрылуы. Бұл аппарат үстемдік таптың, топтың, мүдде-мақсатын орындау үшін қалыптасты.

3) Салық жүйесінің болуы. Арнаулы мемлекетті басқаратын аппаратта қызмет жасайтын адамдарды әлеуметтік қамтамасыз ету үшін салық қалыптасты.

*Мемлекеттің пайда болуы, даму себептерінің ерекшеліктеріне;

1) Қоғамды басқаруды, жақсарту, дамыту: қоғамның жұмысының көлемі де, шеңбері де молайып, кеңейіп ескі басқару аппараты тиісті дәрежеде жұмыс жасай алмады. Жаңа мемлекеттік аппарат қажет болды;

2) Қалың бұқараның, қаналушы таптың үстемдік тапқа, топқа қарсы іс-әрекетін әлсірету, жою үшін күшті мемлекеттік аппарат керек болды;

3) Қоғамдағы, экономиканың дамуы үшін, әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін басқарушы аппараттың нығайту керек болды;

4) Қоғамның қорғанысын күшейту үшін, заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау үшін мемлекет керек болды.



Қазақстан Конституциясы

- Қазақстан Конституциясы (30.08.1995ж.) мемлекетіміздің беріктігін нығайта түсті, билік салалары арасындағы өкілет бөлісуді заңды түрде бекітті. Азаматтық қоғам институттары құрылды, адам құқығы сақталуының кепілдіктері бекітілді, бұқаралық ақпарат құралдары еркін жұмыс жасауда.



Алдағы уақытта саяси реформаны іске асыратын бес басым бағаттары анықталды:

- Мемлекеттік басқару жүйесін жаңалап жетілдіру. Мұндағы басым міндеттер – мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзыреттіліктің ара-жігін айқын ажырату, бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру.
- Сайлау жүйесін одан әрі жетілдіре беру, оның жүргізу процесі бұрынғыдан да айқын әрі ашық болуы тиіс. Сайлаудың нәтижесін анықтау процесіне автоматты ақпараттық жүйені енгізу.
- Саяси жүйені демократияландыру үшін азаматтық қоғам институттарын одан әрі нығайта беру. Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасау. Бұл туралы жаңа заң қабылдануға тиіс.
- Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамымызды демократияландыру барысындағы рөлі мен орнын айқын көрсету Үкімет БАҚ рыногындағы бәсекелестік барысын айқын қадағалап отыруға, оның монополияға айналуына жол бермей, тежелеп отыруға тиіс.
- Құқық қорғау мен сот органдарының қызметін жетілдіре беру мемлекеттік органдардың басты мәселелерінің бірі болуға тиіс. Алқа билер институтын кезеңдерде де, сондай-ақ сот сатыларында да оңайтылған және жеделдетілген рәсімдерін енгізу көрсетілген.

Мемлекет пен құқықтың маңызы зор. Қоғамның тұрақтылығы осы екі құбылыстың арқасында сақталып тұр. Адамдардың арасында келеңсіз жағдайлар мемлекет пен құқықтың араласуымен шешуге болады. Сондықтан, мемлекет пен құқық қоғамдағы көптеген мәселелерді шешіп, адамдарды біріктіру үшін пайда болды деп айтуға болады. Сәтті сауатты да, салауатты пайдалану – зиялылардың төл парызы мен борышы мемлекеттілікті дамыту екені хақ. Адамдардың рухани қажеттілікері, қоғамдағы тура қатынастар мен шиеленістер, белгілі қауымдық ережелерді уақыт өте құқықтық нормаларға айналдырды. Қоғамдағы сан қырлы тұлғалардың әрекетін реттеуде маңызды орынға ие болып, құқық нормалары әлі де мінсіз емес. Құқық адамдардың өмірімен тығыз байланыста, онымен бірге дамиды: олардың бостандығын қалыптастырады, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, тәртібіне, сана-сезіміне жан-жақты әсер етеді, мақсаттар мен мүдделердің іске асуына қолайлы жағдай, қамқорлық жасап қорғайды.



Республикамыздың тәуелсіздігі

- Республикамыздың тәуелсіздігінің 20 жылдығы халқымыздың тарихи жаңаша, жан-жақты қарауға ұйтқы, бүгінгі шебі мен шегін өркениет өлшемімен бағалауға дәнекер мен болашақ мұратына деген бағдарды халықаралық деңгеймен салыстырып, жетілдіруге себепкер. Олай болса, қазақтану тағдыры мен болашағы бір ұрпақтың дүниетанымы, мәдениеті және қоғамдық тәжірибесі ретінде үйлестіретін ізденістер мен шараларды ойланыстарын да, ойларды іске асыратын сәт келді.

